

Жетісу облысы әкімдігінің «Жетісу облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Сарқан аудандық орталық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ҰЖЫМ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

Сарқан қаласы

17.09.2026 жыл

Төраға: директордың уақытша міндетін атқарушы Уаканов Б.Ж.

Тақырып бойынша оқыту дәрісі – «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ»

Баяндамашы: комплаенс-офицер Даутов Дидар Алимханович

Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Сарқан аудандық орталық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының директордың уақытша міндетін атқарушы Б.Ж. Уаканов пен мекеменің комплаенс-офицері Даутов Дидар Алимхановичпен, Сарқан аудандық орталық ауруханасының қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлық қылмыстары бойынша оқыту дәрісі өткізілді.

Семинардың негізгі мақсаты – қатысушыларға сыбайлас жемқорлықтың мәні мен қоғамға тигізетін кері әсері туралы түсінік беру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алу, заң талаптарын сақтау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру.

Семинар барысында қатысушыларға сыбайлас жемқорлық ұғымы, оның негізгі түрлері мен көріністері туралы түсіндірме берілді. Сыбайлас жемқорлықтың мемлекеттік басқару жүйесіне, экономикаға, әлеуметтік тұрақтылыққа және азаматтардың мемлекеттік органдарға деген сеніміне кері әсер ететіні атап өтілді.

Оқыту дәрісі барысында сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтардың қатарына пара алу және пара беру, қызметтік өкілеттіктерді жеке мақсатта пайдалану, қызметтік жағдайды асыра пайдалану, мүдделер қақтығысын жасыру сияқты әрекеттер жататыны түсіндірілді.

Сонымен қатар қатысушыларға сыбайлас жемқорлықтың алдын алуда әр адамның жеке жауапкершілігі маңызды екені айтылды. Қызметтік міндеттерді орындау кезінде заңдылық, адалдық, ашықтық, әділдік және жауапкершілік қағидаттарын сақтау қажеттігі түсіндірілді.

Дәріс барысында «Пара беру немесе алу жағдайында қандай әрекет жасау қажет?», «Сыйлық пен заңсыз сыйақының айырмашылығы қандай?», деген сұрақтар бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Қатысушыларға сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл тек мемлекеттік органдардың немесе белгілі бір мекемелердің міндеті емес, қоғамның барлық мүшесіне ортақ жауапкершілік екені жеткізілді. Әр азамат заң талаптарын сақтап, құқық бұзушылықтарға немқұрайлы қарамай, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға өз үлесін қосуы қажет екені атап өтілді.

Семинар соңында қатысушыларға сыбайлас жемқорлық фактілеріне жол бермеу, заңсыз ұсыныстар мен сыйақылардан бас тарту, қызметтік әдеп нормаларын сақтау және өз құқықтары мен міндеттерін білу қажеттігі туралы қорытынды ақпарат берілді.

Іс-шара барысында қатысушылар өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, пікір алмасты.

Қорытынды:

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – қоғамның тұрақты дамуының маңызды шарттарының бірі. Занды сақтау, адал еңбек ету, өз міндетіне жауапкершілікпен қарау және кез келген сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу – әр азаматтың ортақ міндеті.

Төраға: _____ Уаканов Биржан Жанбекович

Хатшы: _____ Макенова Айнур Танатовна

Комплаенс-офицер: _____ Даутов Дидар Алимханович